Қызылоба ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысының

Хаттамасы №2

Қызылоба ауылы 11 наурыз 2026 жыл

Төрағалық етуші: Қызылоба ауылдық жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы А.Жумагазиев

Қызылоба ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастықтың жиналысына қатысуға құқығы бар мүшелердің жалпы саны: 9

Қатысқан адам саны: 5

Жергілікті қоғамдастықтың жиналысын Қызылоба ауылдық жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы А.Жумагазиев ашты

Жиналыстың күн тәртібі:

1. Қызылоба ауылдық округі әкімі аппаратының қажеттілігіне алынған су сорғыш мотонасосына жөндеу жұмыстары үшін қаражат бөлу.

Тыңдалды:

Қызылоба ауылдық округі әкімі Т.Сериков күн тәртібіндегі мәселе бойынша түсінік берді:

- Өздеріңізге мәлім Қызылоба ауылдық округі әкімі аппаратының қажеттілігіне алынған бензиндік су сорғыш мотонасосы техникалық ақауларға байланысты істен шықты. Сол құрылғыны 5 наурыз күні Орал қаласына жөндеуге алып бардық. Орал қаласындағы «ФЕБ-С» жауапкершілік шектеулі серіктестігі жөндеу жұмыстарын жүргізіп беретін болып келісілді. Осыған орай сол «ФЕБ-С» жауапкершілік шектеулі серіктестігімен жөндеу жұмыстары үшін ҚҚС-мен 68 мың (алпыс сегіз мың) теңгеге шартты тікелей бір көзден сатып алу тәсілі арқылы мемлекеттік сатып алу жұмысын жүргізу қажет.

Сөйлегендер:

1. Испембетов Айдар – Алдымызда көктем айы басталып жатыр. Ауа райы күрт жылынады деген хабар келуде. Ауылдағы ойпатты жерлердің суларын өзенге қарай бағыттап жіберу үшін осы құрылғымызды тезірек жөндеп алғанымыз дұрыс. Осы қиындықты шешу үшін қажетті қаражатты бір көзден алу тәсілімен шешуге осында отырғандардың бәрі келіседі деп ойлаймын. Қажетті қаражат осы жұмысқа жұмсалуына менің ешқандай қарсылығым жоқ.

Жиналыс шешімі:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қаражаттар тиісті қажеттілігіне жұмсалсын. Жергілікті қоғамдастық жиналысында айтылған сын-ескертпелер мен ұсыныс-пікірлер қатерге алынсын.

Жиналыс төрағасы: **А.Жумагазиев**

Хатшы **М.Хайруллин**